



**Құрметті әріптестер,
мұнай өңдеу саласының ардагерлері,
сіздерді Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!**

Бұл мереке еліміздің мемлекеттігін нығайту, экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу және жарқын болашаққа деген сенімді қалыптастыру жолында өткен күрделі де тағдырлы кезеңдерді еске салады. Осы жолда ұлттық өнеркәсіптің тірегіне айналған кәсіпорындардың орны айрықша болды. Солардың қатарында Атырау мұнай өңдеу зауыты да бар.

Тәуелсіздік жылдарында еліміз талай сын-қатерді бастан өткізіп, толағай табыстарға қол жеткізді. Қиын-қыстау сәттерде де, өсіп-өркендеген уақытта да зауытымыз мыңдаған отбасы үшін тұрақтылықтың сенімді тірегі болып қала берді. Қазақстан жаңа институттар құрып, экономиканы қалыптастырып, аяққа нық тұрған шақта, Атырау МӨЗ тұрақты жұмыс орындарын ұсынып, өңірдің әлеуметтік жағдайын сақтауға үлес қосты.

Биыл біз кәсіпорынның 80 жылдық мерейтойын атап өттік. Бұл – зауыттың ел экономикасының ажырамас бөлігі екенін айқындайтын айтулы белес. Заман өзгерді, технология дамыды, бірақ бір ғана құндылық өзгеріссіз қалды. Ол – қызметкерлердің өз ісіне деген жауапкершілігі. Сіздердің еңбектеріңіз, жоғары кәсіби біліктіліктеріңіз бен мамандыққа деген адалдықтыңыз зауыттың өз позициясын сақтап қана қоймай, алға жылжуына, еліміздің өнеркәсіптік әлеуетінің нығаюына жол ашты.

Сіздерге және отбасыларыңызға зор денсаулық, бақ-береке, болашаққа деген сенім мен жаңа жетістіктер тілеймін. Еліміз өркендей берсін! Егемендігіміз тұғырлы болсын!

«АМӨЗ» ЖШС Бас директоры

Қуаныш Бишімов

**Уважаемые коллеги,
дорогие ветераны, поздравляю вас
с Днём независимости Республики Казахстан!**

Этот день напоминает нам о непростых, судьбоносных этапах на пути укрепления государственности, достижения экономической стабильности и формирования уверенности в завтрашнем дне. На этом пути особую роль сыграли предприятия, ставшие опорой национальной промышленности. В их числе – и Атырауский нефтеперерабатывающий завод.

За годы независимости наша страна прошла через немало испытаний и добилась значительных успехов. И в непростые времена, и в периоды поступательного развития наш завод оставался надёжной опорой стабильности для тысяч семей. В то время как Казахстан создавал новые институты, формировал экономику и уверенно вставал на ноги, АНПЗ обеспечивал людей рабочими местами, вносил вклад в сохранение социальной стабильности региона.

В этом году мы отметили 80-летний юбилей предприятия – значимую веху, подтверждающую, что завод является неотъемлемой частью экономики страны. Менялись времена, развивались технологии, но одна ценность остаётся неизменной – ответственность работников за своё дело. Именно ваш труд, высокий профессионализм и преданность профессии позволили заводу не только сохранить свои позиции, но и уверенно двигаться вперёд, укрепляя промышленный потенциал Казахстана.

Желаю вам и вашим семьям крепкого здоровья, благополучия, уверенности в завтрашнем дне и новых достижений. Пусть наша страна процветает!

Генеральный директор ТОО «АНПЗ»

Қуаныш Бишімов

**Депутаттар мен партия өкілдері,
экобелсенділер АМӨЗ-де болды**



Путь к мастерству

Депутаттар мен партия өкілдері, экобелсенділер АМӨЗ-де болды

Кешенді экологиялық рұқсат алуға дайындық аясында Атырау мұнай өңдеу зауытына облыстық мәслихат депутаттары, саяси партиялар мен қоғам өкілдері келді.



Зауытты аралау барысында делегация мұнай сақтауға арналған резервуар паркіне барып, технологиялық шығындарды азайту және қоршаған ортаға әсерді төмендету бағдарламасының нәтижелерімен танысты. 2022 жылдан бері АМӨЗ-де резервуарларды понтондармен жабдықтау жобасы жүзеге асырылуда. Понтондар – мұнай және мұнай өнімдерін сақтайтын резервуарлардың ішіне орнатылатын арнайы қалқымалы құрылымдар. Олар көмірсутектердің булануын болдырмай, атмосфераға бөлінетін шығарындыларды азайтады және өнім сапасын сақтауға ықпал етеді.

2022-2023 жылдары жеті резервуар понтондармен жабдықталса, 2025 жылы тағы екі резервуарға қалқымалы құрылым орнатылды. Экологиялық бағдарламаға сәйкес, 2026 жылдың соңына дейін қосымша 11 резервуарға понтон орнату жоспарланған.

Кейін қонақтар ЭЛТҚ АТ-2 технологиялық қондырғысының жұмысымен танысты. Мұнда шикі мұнайсу мен тұздан тазартылып, ары қарай бензин, дизель отыны, мазут және басқа да фракцияларға бөлінеді. 2003-2006 жылдары АМӨЗ-ді жаңғыртудың бірінші кезеңі аясында оның жылдық қуаты 2 млн тоннаға дейін артты. Келесі кезекте делегация Қазақстандағы параксиллол өндіретін жалғыз ParomaX қондырғысының жұмысы туралы ақпарат алды. Параксиллол полиэтилентерефталат пен полистирол секілді мұнайхимия өнімдерінің негізгі шикізаты саналады. Нысан 2015 жылы іске қосылған. Жобалық қуаты жылына 496 мың тоннаға тең.

Мұнайды терең өңдеу өндірісі алаңында қонақтарға катализаторлық крекинг қондырғысының жұмысы туралы түсіндірілді. Бұл қондырғы ауыр мұнай фракцияларын сұйытылған көмірсутек газы, бензин және жеңіл газойль секілді құнды өнімдерге айналдырады. Жылдық қуаты шамамен 2,4 млн тоннаны құрайтын жоба 2018 жылы іске қосылды. Нәтижесінде зауытта жеңіл мұнай өнімдерінің өндірісі артып, өңдеу тереңдігі жоғарылады.

Сапар барысында делегация зауыт мамандарымен кәсіпорынның экологиялық қызметінің негізгі бағыттары мен болашақ жобаларды талқылады. Сонымен бірге жаңғыртудан өткен «Тарих және еңбек даңқы» залымен де танысты. Айта кетейік, кешенді экологиялық рұқсат алуға дайындық шеңберінде «АМӨЗ» ЖШС Мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдерінің қатысуымен үш дөңгелек үстел өткізді. Жылдарда шығарындылар нормативтері, қалдықтарды басқару бағдарламалары, өндірістік экологиялық бақылау және зауыттың қоршаған ортаға әсерін төмендетуге бағытталған басқа да бастамалар жан-жақты қаралды.

ӨНДІРС

Экологиялық тұрақтылыққа бағдар

АМӨЗ-де су ресурстарын тиімді қолдануға бағытталған жұмыс үдерісі тұрақты түрде жалғасуда. Бүгінде зауыттың биологиялық тазарту блогы арқылы тәулігіне 12 мың текше метрден астам ағын су өтеді. Судың бір бөлігі өндіріске қайтарылса, қалғаны экологиялық талаптарға сай қоршаған ортаға шығарылады. Дәл осы технологиялық экожүйенің қызметі жөнінде биологиялық тазарту құрылғыларының басшысы Сәрсенбек Елтаевпен сұхбат жүргіздік.

– Сәрсенбек Сайжанұлы, қондырғы жөнінде қысқаша айттып өтсеңіз?

– Зауыттың биологиялық тазарту құрылғысына екі негізгі ағын түседі: өндірістік және тұрмыстық кәріз сулары. Өндірістік ағын суынан ерімейтін мұнай өнімдері алынады. Әрі қарай биологиялық тазарту блогында микроорганизмдер арқылы өндірістік және тұрмыстық сулардағы еріген органикалық ластағыштар жойылады.

– Тазарту процесі қалай жүзеге асады?

– Тазарту процесі бірнеше сатымен жүзеге асады. Жеке тоқталып өтейін: алдымен флокуляция және флотация бөлімі жұмыс істейді. Бұл судың бетінде қалқыған бөлшектерді жинайды. Содан соң су биологиялық тазарту бөліміне өтеді. Мұнда аэрациялық резервуарларда микроорганизмдер органикалық қалдықтарды көмірқышқыл газы мен биомассаға дейін ыдыратады. Одан кейін құм сүзгіш және хлорлау іске қосылып, бөлшектер мен бактериялардың саны азайтылады. Соңғы сатыда тұнбаны су-сыздандыру жүзеге асады. Тұнба – судан шыққан қалдық, оны центрифуга техникалық жабдығының көмегімен су-сыздандырып, қауіпсіз түрде жоямыз.

– Тазартылған судың бағыты қандай, осы жөнінде түсінік бере өтсеңіз?

– Әрине, тазартылған судың 8-10%-ын зауытта қайта пайдаланамыз. Қалған бөлігі экологиялық талаптарға сәйкес булану алаңдарына немесе қоршаған ортаға жіберіледі. Бұл тәсіл суды үнемдеуге және табиғи ресурстарға түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

– Су тазарту жұмысы нәтижесінде шыққан қалдықтың атауы және ол қайда тасымалданады?

– Жұмыс барысында биологиялық шлам қалдықтары пайда болады. Бұл қалдықтар арнайы лицензиясы бар мердігер компанияға жөнелтіліп, олар тарапынан әрі қарай өңдеуге және жоюға тасымалданады.

Алдағы жылдары биологиялық тазарту құрылғысына қатысты жоспарлар жүзеге асырылмақ. Сәрсенбек Елтаевтың мәліметінше, 2026–2030 жылдарға арналған су ресурстарын ұтымды пайдалану жоспарына сәйкес, өндірістік ағынды суды тереңірек тазарту үшін биологиялық тазарту құрылғыларын модернизациялау көзделген. Модернизация нәтижесінде тазартылған



суды қайта пайдалану көлемі артады. Бүгінде қондырғыда тәулік бойы ауысыммен 20 қызметкер жұмыс істейді. Олар ең тиімді технологиялық көрсеткішке және экологиялық кодекстің жаңа талаптарына сәйкес нәтижеге қол жеткізуді жоспарлап отыр.

ӨЗЕКТІ

Әлеуметтік қолдау қағидаларына өзгерістер енгізілді

Биыл «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС қызметкерлері мен олардың отбасыларына көрсетілетін әлеуметтік қолдау шараларын кеңейтуге бағытталған бірқатар өзгерістер енгізілді. Құжатты жаңарту кәсіпорын Байқаушы кеңесінің 2025 жылғы 21 қазанда қабылдаған шешімінің негізінде жүзеге асырылды. Осылайша, қағидалар қызметкерлердің өзекті қажеттіліктерін ескере отырып, жаңа мүмкіндіктермен толықтырылды.

Маңызды жаңалықтың бірі – қызметкерлер балаларының демалысын өтеу нормасына енгізілген жаңа тұжырым. Бұған дейін өтемақы тек жазғы демалыс үшін ғана қарастырылса, енді оны жыл мезгіліне қарамастан сауықтыру және демалыс бағдарламалары үшін алу мүмкіндігі бар. Бұл өзгеріс ата-аналарға балалары үшін ең қолайлы демалыс түрін таңдауына жол ашып, қолдаудың икемділігін арттыра түсті.

Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балаларды күтіп-бағу шығындарын өтеу шарттары да кеңейтілді. Құжаттың бұған дейінгі редакциясы тек коммерциялық және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың тізімімен шектеліп, баланың аталған ұйымдарда тәулігіне кемінде сегіз сағат болуы міндеттелетін. Енді шығындары ішінара өтелетін ұйымдар қатарына коррекциялық орталықтар да қосылды. Бұл әсіресе, мамандандырылған қызметтер мен қосымша қолдауды қажет ететін балалар тәрбиелеп отырған отбасылар үшін маңызды.

Еңбекті ұйымдастыру және еңбекке ақы төлеу бөлімінің бастығы Дамира Қосымбаева Қағидалардың жаңартылуы кәсіпорынның әлеуметтік саясатын дамытудағы маңызды қадам болғанын атап өтті. Оның айтуынша, қолдау шараларының кеңеюі қызметкерлердің отбасыларына қолжетімді қызметтерді неғұрлым еркін әрі ыңғайлы пайдалануға, демалыс, білім алу және даму бағдарламаларын өз қажеттіліктеріне сай таңдауға мүмкіндік береді.

АКТУАЛЬНО

Изменения в Правилах соцподдержки

В этом году в Правила оказания социальной поддержки работников ТОО «Атырауский нефтехимический завод» были внесены изменения, направленные на расширение мер социальной поддержки работников и их семей. Обновление документа стало результатом решения Наблюдательного совета предприятия, принятого 21 октября 2025 года. Таким образом, Правила дополнены новыми возможностями, учитывающими актуальные потребности сотрудников.

Одним из важных обновлений стала новая формулировка нормы компенсации отдыха детей работников. Если ранее компенсация предоставлялась только за летний отдых, то теперь её можно получить за программы оздоровления и отдыха в любое время года. Это делает поддержку более гибкой и позволяет родителям выбирать наиболее подходящие варианты отдыха для своих детей.

Кроме того, расширены условия компенсации содержания детей дошкольного возраста. Прежняя редакция документа ограничивалась перечнем коммерческих и частных дошкольных учреждений и предусматривала обязательное пребывание там ребёнка не менее восьми часов в день. Теперь перечень организаций, расходы по которым могут частично компенсироваться, дополнен коррекционными центрами. Это особенно важно для семей, чьи дети нуждаются в специализированных услугах и дополнительной поддержке.

Начальник отдела организации и оплаты труда Дамира Косымбаева подчеркнула, что актуализация Правил стала важным шагом в развитии социальной политики предприятия. По её словам, расширение перечня мер поддержки позволяет семьям сотрудников более свободно и гибко пользоваться доступными услугами, выбирать подходящие программы отдыха, обучения и развития.

ПУТЬ К МАСТЕРСТВУ

Истории участников АНПЗ на чемпионате KMG Skills

В ноябре в Атырау прошёл чемпионат KMG Skills, который объединил сильнейших представителей рабочих профессий из дочерних компаний «КазМунайГаз». Всего было около 100 специалистов из 19 дочерних и зависимых организаций КМГ. Среди участников были и работники АНПЗ – победители заводского конкурса «Үздік маман – 2025».

Ежегодное соревнование, направленное на повышение профессионального мастерства и популяризацию рабочих профессий среди сотрудников группы компаний АО НК «КазМунайГаз» прошло в новом формате. Конкурс включал задания по 12 ключевым профессиям отрасли: от операторов технологических установок и лаборантов химического анализа до токарей, электромонтёров, электрогазосварщиков и слесарей КИПиА. Участники демонстрировали навыки

в трёх этапах: практическое профессиональное задание, выявление нарушений требований пожарной безопасности и оказание первой медицинской помощи.

Практическая часть для ряда компетенций прошла на производственных площадках АНПЗ – в ЦЗЛ и ремонтно-механическом цехе.

Участники от АНПЗ поделились личным опытом участия в чемпионате KMG Skills.

НОМИНАЦИЯ «ТОКАРЬ»

Шерхан Бақтығали, токарь РМЦ



В этом году конкурс проходил по обновлённым правилам: наставники не участвовали в подготовке и сопровождении. Считаю это большим плюсом, когда рядом нет более авторитетного коллеги, полностью сосредотачиваешься на собственной ответственности и сам принимаешь решения. Кроме того, наставники входили в состав комиссии, и в прошлые годы это создавало напряжённость.

Нам сообщили о старте конкурса всего за три дня, так что времени на подготовку практически не было. Но хочется отметить оперативность нашего руководства: накануне вече-

ром сообщили, что практический этап пройдёт в РМЦ на нашем заводе, и кутру все для конкурса было подготовлено.

Я участвую в конкурсе второй год подряд, и мне всегда интересно проверять себя, расти дальше и стремиться повышать свой уровень.

Нас было семеро, и хотя мы соперники, перед конкурсом собрались, обсудили задания, поделились опытом. Это помогло настроиться. Место я не занял и полностью согласен с результатом. На практическом этапе не уложился в отведенное время. У нас было 60 минут, и я видел, что остаётся ещё около 15, подумал, что успеваю, немного расслабился и в итоге выбыл из графика. Самоуверенность подвела. Задания по пожарной безопасности и оказанию первой медицинской помощи я выполнил на высокие баллы – 19 и 20. Если бы уложился в практику, был бы в числе призёров. Все соперники – сильные специалисты, комиссия профессиональная, поэтому итог объективный.

Я работаю на заводе 11 лет. Моим наставником был Самат Тукбаев – высококлассный специалист и замечательный человек. Его недавний уход из

жизни – это большая потеря и для коллектива, и лично для меня. В прошлом году уверенности у меня было меньше: мы только вошли в состав завода после аутсорсинга и впервые получили право участвовать в конкурсе КМГ. Всё было новым. В этом году я чувствовал себя гораздо комфортнее, возможно, что эта уверенность и сыграла со мной злую шутку.

К поражению отношусь спокойно. Это моя ответственность, и я сделал выводы. Буду участвовать снова: для меня это способ совершенствовать навыки, ощущать спортивный азарт и здоровую конкуренцию. Отдельно хочу сказать про поддержку коллег. Меня поддерживали не только токари, но и слесари, сварщики – коллектив у нас дружный, многие годы работаем вместе.

На церемонию награждения в офисе «ЭмбаМунайГаз» я пришёл, несмотря на отсутствие результата, – важно было прочувствовать атмосферу и зарядиться мотивацией на следующий год. А если по каким-то причинам не смогу участвовать, то обязательно передам свой опыт тем, кто пойдёт на конкурс. Пусть используют все знания, которые я накопил за эти два года.

НОМИНАЦИЯ «ЛАБОРАНТ ХИМИЧЕСКОГО АНАЛИЗА»

Әсем Сәндіжанова, лаборант химического анализа ЦЗЛ, занявшая II место в чемпионате



Участие в KMG Skills стало для меня важным профессиональным опытом. Формат конкурса максимально близок к рабочим условиям: ограниченное время, новая площадка, высокий уровень ответственности. Особенно запомнились этапы, где нужно было провести задания в сжатые сроки и при этом строго соблюдать регламент. Такие моменты дают понять, насколько уверенно ты действуешь и какие навыки требуют доработки.

Основными стали моменты, где каждая секунда влияет на

результат. Понимаю, что именно скорость и автоматизм отделили меня от первого места – иногда я слишком тщательно перепроверяла действия. Это не ошибки, но в условиях соревнования такие паузы имеют значение. Есть и практические моменты, которые хочу усилить: оформление результатов, последовательность действий по регламенту, работа с оборудованием под таймер.

Второе место считаю достойным результатом. Конкурс дал мне объективную оценку моих навыков, возможность увидеть разные подходы к работе. Я получила ценные рекомендации от экспертов, обменялась опытом с коллегами из других подразделений. Когда видишь, что способен конкурировать с сильнейшими, появляется желание становиться ещё лучше. Это вдохновляет и задаёт направление дальнейшего развития.

Я определённо планирую участвовать в KMG Skills в следующем году, уже более уверенно – с чётким пониманием, что нужно отточить, и с желанием побороться за первое место.

НОМИНАЦИЯ «СЛЕСАРЬ ПО РЕМОНТУ И ОБСЛУЖИВАНИЮ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО ОБОРУДОВАНИЯ»

Мерейхан Шапабаев, слесарь по ремонту технологических установок, РМЦ



В заводском конкурсе «Үздік маман – 2025» я занял первое место, а на KMG Skills остался без призового места, и точно знаю почему. Ошибку допустил в первом, самом важном туре.

По профессии я занимаюсь разборкой, ремонтом, сборкой и испытанием сложного оборудования: аппаратов, машин, трубопроводов, арматуры. Поэтому, когда озвучили задание – разобрать и собрать задвижку, я был совершенно спокоен. Обычная работа. Быстро разобрал, комментируя

свои действия, обратил внимание, что конструкция отличается от тех, с которыми мы работаем: резьба была направлена вниз. Такой вариант я видел впервые.

Но вот при сборке этот момент упустил. Собрал задвижку, закрутил всё, дошёл до установки клина – и понял, что резьба смотрит вверх, как у нас на заводе. Пришлось разбирать заново, но уложиться в оставшееся время уже было нереально. Это полностью моя ошибка. Конкурентов было девять, и ни один не уложился в 30 минут, но они оказались точнее и аккуратнее.

В прошлом году я участвовал в заводском конкурсе, но не прошёл тестирование: когда я закончил тест, то до конца оставалось ещё 20 минут. Я решил перепроверить ответы, зачем-то исправил правильные на неправильные и не добрал два балла. В этом году решил не повторять ошибку прошлого года, то есть не перепроверял себя. В итоге получил максимальный балл I место в «Үздік маман – 2025» и возможность участвовать в конкурсе для дочерних ком-

паний КМГ.

Чемпионат KMG Skills стал для меня большим опытом. Хочу участвовать и дальше: здесь реально развиваешься, сравниваешь себя с коллегами из других подразделений, учишься работать точнее и быстрее. После практического этапа мы активно делились опытом – общение с такими же специалистами всегда даёт новые идеи. На втором и третьем этапах мы набрали почти одинаковые баллы, поэтому догнать соперников мне уже не удалось.

В профессии я более четырёх лет. Моим наставником был Николай Евстифеев – строгий, требовательный, но справедливый специалист. Он многому нас научил; его подход к работе до сих пор задаёт планку. Мне помогли и другие мои коллеги.

К своему результату я отношусь спокойно. Первый день, конечно, переживал, а потом понял: всё впереди. Вспомнил прошлогодний опыт, сделал выводы и поставил себе цель – вернуться на чемпионат и побороться за победу в следующем году.

НОМИНАЦИЯ «ОПЕРАТОР ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ УСТАНОВОК»

Дастан Амангелдиев, оператор технологической установки ПГП



Этим летом я решил проверить свои знания и профессиональные навыки на ежегодном заводском конкурсе «Үздік маман». Понимая, что буду соревноваться с опытными и не менее амбициозными коллегами, я подошёл к подготовке максимально серьёзно. Несмотря на небольшой стаж, уверенность в своих силах, упорство и, конечно, поддержка коллег помогли мне занять первое место.

Тогда я осознал, что впереди новый этап: представлять АНПЗ на республиканском уровне, на чемпионате KMG Skills. В этом

году он проходил в Атырау, и лучшие специалисты из дочерних и зависимых организаций АО НК «КазМунайГаз» собрались в APEC Training Center, чтобы подтвердить свой профессиональный уровень.

На практическом этапе, стремясь выполнить задание максимально точно, я превысил отведённое время и потерял важные баллы. Хотя последующие испытания прошёл очень хорошо, но конкуренция была высокой, и войти в число победителей мне не удалось. Тем не менее участие в чемпионате стало для меня ценным опытом. Я познакомился со специалистами из разных регионов, получил мощный стимул продолжать профессиональное развитие и возвращаться на подобные соревнования более подготовленным.

Я понял, что для того чтобы соперничать с сильнейшими, необязательно десятилетиями работать в профессии – достаточно иметь стремление расти и становиться лучше. Этот путь укрепил меня в уверенности, что я выбрал правильное направление, и мои усилия обязательно принесут результаты.

«Сударушка» вновь на высоте

В г. Атырау состоялся областной конкурс хоровых коллективов ветеранов, на котором хор ветеранов «Сударушка» достойно представил наш завод и стал лауреатом. Коллектив был отмечен грамотой конкурса, а участницы получили памятные подарки от профсоюзной организации ТОО «АНПЗ».



В этом году хор выступил в новых концертных костюмах, сшитых при поддержке профкома завода. Это стало для участников приятным стимулом и дополнительным вдохновением, подчеркнувшим их сплочённость и любовь к творчеству.

Это заслуженная победа участниц Клавдии Ишимовой, Ларисы Калмыковой, Светланы Камневой, Дарики Акпалиевой, Людмилы Железновой, Куляш Нурмаганбетовой, Валентины Хохловой, Турсынай Ешекеновой, Майры Сейткалиевой и Васви Ильиной, результат многолетнего труда и активной жизненной позиции наших ветеранов. Участницы хора продолжают

вносить вклад в культурную жизнь завода и города, участвуют в мероприятиях, делятся опытом и сохраняют добрые традиции коллектива. Их жизнелюбие, энергия и творческий настрой служат вдохновляющим примером для молодежи и всех работников АНПЗ.

Желаем хору «Сударушка» новых творческих успехов, вдохновения и ярких выступлений!

Б. Кабдрахиев, специалист по работе с пенсионерами Филиала ОО «ОПСРХН и РОП» – ПО ТОО «АНПЗ»

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Қауіпсіздік дағдылары пысықталды

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» заңы талаптарына сәйкес АМӨЗ-дің әкімшілік-тұрмыстық корпусында қызметкерлерді эвакуациялау және шартты өртті сөндіру бойынша оқу-жаттығу өткізілді.



Шараға азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметі бастығының орынбасары Изболат Нысанғалиев жетекшілік етті. Жаттығу «Өлшеу-бақылау құралдары және автоматика» цехының әкімшілік-тұрмыстық ғимаратында орналасқан қызметкерлер үшін ұйымдастырылды.

Негізгі мақсат – мамандардың өрт немесе төтенше жағдайлар кезінде эвакуация дағдыларын тексеру және олардың жедел іс-қимыл қабілетін пысықтау.

Автоматты өрт дабылы сағат 15:08-де іске қосылып, қызметкерлер қорғаныс құралдарын қолданып, белгіленген тәртіппен эва-

куациялауды бастады. Сол уақытта зауыттың диспетчерлік қызметі «Өлшеу-бақылау құралдары және автоматика» цехына, «Семсер Өрт Сөндіруші» ЖШС-ның 14-ші өрт бөліміне, «KMG-Security» қызметіне, «Медикер» ЖШС орталығына және электр цехына хабар берді.

15:09-да эвакуацияланған аймаққа «Медикер» ЖШС-нің кезекші фельдшерімен жедел жәрдем көлігі келіп жетті. 15:10-да электромонтер ғимаратты тексеріп, «Семсер өрт сөндірушілерінің» тобы қорғаныс құралдарын пайдаланып, шартты өртті барлауға кірісті.

15:10-да эвакуация

аяқталып, қызметкерлер мен келушілер белгіленген жерге жиналды. 15:11-де оқиға орны KMG-Security күзетшілерімен қоршалды. Кейін құтқарушы топтар әкімшілік корпус бөлмелерін тексеруді аяқтады. Ғимаратта қызметкерлер қалмағаны расталды.

Осылайша, ғимарат толық тексеріліп, барлық қызметкерлер қауіпсіз аймаққа шығарылды. Эвакуация уақыты 4 минутты құрап, жалпы саны 35 қызметкер эвакуацияланған.

Зауыттың жедел қызметтері өз міндеттерін кәсіби деңгейде орындап, қызметкерлердің дайындық деңгейі жоғары болды.

ТҰМАУ МЕН ЖРВИ АЛДЫН АЛУ

Тұмау және жіті респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ) - бұл тыныс алу жолдарының жіті вирустық аурулары, олар ауа тамшыларымен (жөтелгенде, түшкіргенде және науқас адаммен сөйлескенде), сондай-ақ ластанған беттер мен қолдар арқылы байланыс-тұрмыстық жолмен беріледі.



Тұмау мен ЖРВИ ауруынан қалай сақтануға болады



- Қолыңызды сабынмен үнемі кем дегенде 20 секунд жуыңыз.
- Қол антисептикерін қолданыңыз (әсіресе қоғамдық заттармен байланыста болғаннан кейін).
- Лас қол мен бетке (көзге, мұрына, ауызға) тигізбеңіз.



- Жыл сайынғы тұмауға қарсы вакцинациядан өтіңіз.
- Имунитетті сақтаңыз: дұрыс тамақтану, дәрумендер, жеткілікті ұйқы.
- Физикалық белсенділіктен айналысыңыз және ашық ауада серуендеңіз.



- Бөлмелерді үнемі желдетіп отырыңыз.
- Дезинфекциялау құралдарымен дымқыл тазалаңыз.
- Оңтайлы ылғалдылық пен ауа температурасын сақтаңыз.



- Тұмау белгілері бар адамдармен тығыз байланыста болудан аулақ болыңыз.
- Өзіңізді және айналаңыздағы адамдарды қорғау үшін ЖРВИ маусымында қоғамдық орындарда медициналық маска киіңіз.
- Науқастардан қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.

Аурудың алғашқы белгілері:



Жоғары температура



Жөтел / тамақ ауруы



Бас ауруы



Бұлыңқеттер мен буындардағы ауырсыну



Мұрыннан су ағу



Симптомдар пайда болған кезде:

1. Дәрігерге барыңыз.

2. Толық қалпына келгенге үйде болыңыз, тыныштықты сақтаңыз және жеткілікті мөлшерде ішіңіз.

ПРОФИЛАКТИКА ГРИППА И ОРВИ

Грипп и острые респираторные вирусные инфекции (ОРВИ)

- это острые вирусные заболевания дыхательных путей, которые передаются воздушно-капельным путем (при кашле, чихании и разговоре с заболевшим человеком), а также контактно-бытовым - через загрязнённые поверхности и руки.



Как предостеречь себя от заболевания гриппом и ОРВИ



- Регулярно мойте руки с мылом не менее 20 секунд.
- Используйте антисептики для рук (особенно после контакта с общественными предметами).
- Избегайте прикосновений к лицу (глазам, носу, рту) грязными руками.



- Проходите ежегодную вакцинацию от гриппа.
- Поддерживайте иммунитет: полноценное питание, витамины, достаточный сон.
- Занимайтесь физической активностью и гуляйте на свежем воздухе.



- Регулярно проветривайте помещения.
- Проводите влажную уборку с дезинфицирующими средствами.
- Поддерживайте оптимальную влажность и температуру воздуха.



- Избегайте тесного общения с людьми с симптомами гриппа.
- Носите медицинскую маску в общественных местах в сезон ОРВИ, чтобы защитить себя и окружающих.
- Сохраняйте безопасную дистанцию от заболевших.

Первые симптомы при заболевании:



Высокая температура



Кашель / боль в горле



Головная боль



Боль в мышцах и суставах



Насморк



При возникновении симптомов:

1. Обратитесь к врачу

2. Оставайтесь дома до полного выздоровления, соблюдайте покой и пейте достаточное количество жидкости.